

Ленин жұл

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 54 (7014)

Жексенбі 18 Март 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйын

КӨМЕКШІ ШАРУАШЫЛЫҚТАР ЕГІСКЕ МІНСІЗ ӨЗІР БОЛСЫН

Одақтық Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті ауыл шаруашылығының 1945 жылғы жұмыстарының мемлекеттік жоспарын бекітіп, ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне аса зор күрделі міндеттер жүктеді.

Одақтық Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті колхоздар мен совхоздардың өткен жылы жұмсаған ерөн күші мен істеген жұмысына зор баға берді. Бұған өнеркәсіп орындары мен мекемелердің көмекші шаруашылықтары да ортақ.

Кәсіп орындарының, мекемелердің жұмысшылары мен қызметкерлері соғыс кезінде колхозды ауыл-деревняға тыңғылықты көмектесіп келеді, көмекші шаруашылықтардың егін даласында, дәрбес және ортақ огородтарда аянбай еңбек істеп, қосымша овощ, картоф тағы басқа азық-түлік қорып жасауда.

Үкметіміз бен партиямыз көмекші шаруашылықтарда егіс алаңының ұяғайын, жұмыстың жақсаруына ерекше көңіл бөліп келеді. Бұл әсіресе ауыл шаруашылығының 1945 жылғы жұмыстарының жоспары туралы қаулыдан айқын көрінеді. Демек үстеміздегі жылы совхоздар мен көмекші шаруашылықтарда егіс көлемі 0.6 миллион гектар арттырылатын болды.

Көмекші шаруашылықтарда жұмыстың табысты болуы егіске үлгілі әзірленуге, кәсіп орындары мен мекеме басшыларының, партия, кәсіпшілік ұйымдарының бұл сыяқты аса маңызды жұмысты қалай ұйымдастырып, басқаруына байланысты. Облысымыздың, оның ішінде Петропавл қаласындағы бірсыпыра кәсіп орындары мен мекемелердің көмекші шаруашылықтарында көктемгі егіске әзірлік жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде. Мәселен, қалалық өндіріс комбинатының коллективі республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа байланысты, өндірістік тапсырманы асыра орындаумен қатар, көктемгі егіске мезгіліне даярлануға және егісті агротехникалық жоғары дәрежеде өткізуге міндеттенген болатын. Бұл коллектив сөзін іспен ақтады. Ол егіс жұмыстарына керекті барлық құрал-саймандарды толық жөндеп, егіс алаңын тұқыммен толық қамтамасыз етті. Қорытынш айтқанда, комбинат қалірі егіске барлық жағынан әзір отыр. Әскери сауда бөлімінің көмекші шаруашылығында тракторларды жөндеу жұмысы үлгілі аяқталды. Егіс тұқымын күйілімі, егістік сапаға жеткізілді. Құрылыс мекемесінің көмекші шаруашылығында күш көлігін егіске әзірлеу жұмысы ойдағыдай ұйымдастырылды. Бүш кәлігін күту ісі таңдаулы жұмысшыларға тапсырылды.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстары облыстық байланыс басқармасының, Н. эа водының тағы басқа өнеркәсіп орындары мен мекемелердің көмекші шаруашылықтарында ойдағыдай болып отыр. Бұл көмекші шаруашылықтардың жұмысшылары Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа қосылып, бйылы егіннен мол өнім алып, көпшілікті тамақ таңдыру және жұмысшыларды жабықтау хажетінің бәрін өздерінің азық-түлік қоры есебінен өтеуге серт берді. Мұндай мысалдар көптеп саналады.

Бірақ, бірсыпыра кәсіп орындары мен мекемелердің шаруашылық, партия және кәсіпшілер ұйымдарының басшылары көмекші шаруашылыққа басшылық жасау ісін бәсеңдетіп алды. Олар жұмысшыларды жабықтау бөлімдері қызметкерлерінің бүгінгі күннің талабына сай жұмыс істеуін қамтамасыз етпеді, көмекші шаруашылықтардың жұмысына жете көңіл бөлмеді, көктемгі егіске ойдағыдай даярлануға тек жұмысшыларды жабықтау бөлімдері мен көмекші шаруашылықтардың басшылары ғана жауапты деп есептеді.

Міне осының салдарынан, Петропавл қаласының Орталық ауданындағы көмекші шаруашылықтарда егіске әзірлік жұмыстары ойдағыдай өрістемей келеді. Бұл ауданның көмекші шаруашылықтары мен жұмысшыларды жабықтау бөлімдерінде 168 центнер бидай тұқымы, 61 центнер бұршақ тұқымы, 660 центнер картоф тұқымы және 529 килограмм овощ тұқымы жетпейді. Бұл ауданда 14 трактордың күні осы уақытқа дейін 5 және 40 тұқым сенкіштігі 9 ғана жөндеді.

Өнеркәсіп ауданындағы көмекші шаруашылықтар мен жұмысшыларды жабықтау бөлімдерінің де егіске әзірлігі ойдағыдай деуге болмайды. Мұнда Н. заводдың, Главыуканың, электр станциясының және ет комбинатының көмекші шаруашылықтары мүлде бойғам отыр. Электр станциясында қолда бар тұқымның өзі өңделіп, шығымдылық сапаға жеткізілмеген.

1944 жылы облысымыздың көмекші шаруашылықтарында егіннен өнімнің аз алынуының басты себебі—егіске кеш даярланғандықтан, егіс жұмысын ұзаққа созғандықтан болды. Бйылы бұдан көмекші шаруашылықтардың басшылары тиісті қортынды жасауға тиіс. Сөйтін егіске барлық жағынан мұқият даярлану керек. Егісті мезгілінде мол әзірлікпен бастап, оны қысқа мерзімде өткізетін болайық. Міне сонда ғана жұмысшылардың азық-түлік жөніндегі хажетін тыңғылықты өтейтін боламыз.

Академик Владимир Петрович Филатовты Отан соғысының 1-дәрежелі орденімен наградтау туралы

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Совет медицинасын өркендету ісіне көрнекті еңбек сіңіргені, Отан соғысы кезінде Қызыл Армияның жараланған жауынгерлерін ойдағыдай емдегені үшін, туғанға 70 жыл толуына байланысты, СССР дәрігерлік ғылымы Академиясы мен СССР ғылым Академиясының анық мүшесі, көрнекті офтальмолог Владимир Петрович Филатов Отан соғысының 1-дәрежелі орденімен наградталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль. 1945 жылғы 14 март.

ликасының 25 жылдығын мерекелейді. Колхозшы шаруалардың мереке алдындағы социалистік жарысы кеңінен өріс алуға тиіс. Отанымызға Қазақстан еңбекшілерінің, колхозшы шаруаларының мерекелік сыйлығын әзірлеу-біздің әрқайсымыздың а б р о й л ы сіміз.

Совет Хабаршы бюросынан

16 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕГІ

16 мартта ҚЕНИГСБЕРГТІҢ оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасап отырып, ПОКАРБЕН, ТЕНГЕН, ШОЙШЕН, ВЕСДЕЛЕН, БРАНСБЕРГ, ШТОБЕКЕН, ФУКСБЕРГ, ИАРОТТАЛЬ, ФРОЙДЕНТАЛЬ, ЛАУТЕРБАХ, ФРЕНЗЕЛЬ СВАЛЬДЕ, ГРЕЦОГОВАЛЬДЕ қыстақтарын алды. 15 мартта бұл ауданда немістердің 600ден аса солдаты мен офицері қолға түсірілді.

ДАНЦИГТІҢ батыс және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстары нәтижесінде ЖУКОВО (ЦУКАУ), НЕМДАУ, ПАНИН, РАМКАУ, ЭКСПЕНКРУГ қыстақтарын алды. 15 мартта бұл ауданда әскерлеріміз немістердің 700ден аса солдаты мен офицерін қолға түсірді.

ШТЕТТИН бағытында әскерлеріміз немістердің ОДЕРДІҢ шығыс жақ жағалауындағы табан тірейтін шебін жою жөнінде ұрыстар жүргізді, сөйтін қала маңындағы ГРАЙФЕНХАГЕН қыстағын және РОЗЕНГАРТЕН, БРЮНКЕН, НОЙБРЮНКЕН, ВИНТЕРСФЕЛЬДЕ қыстақтарын алды.

Венгрияда, БАЛАТОН көлінің солтүстік-шығыс жағында бұдан бұрын болған ұрыстар кезінде орасан көп шығынға ұшыраған немістердің танк бөлімдерінің атақалары едәуір әлсіреді.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды және барлау жүргізілді.

15 мартта барлық майдандарда немістердің 63 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды. Өуе ұрыстарында және зеңит зеңбіректерімен дұшпанның 33 самолёті атып түсірілді.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ВЕНГРИЯДАҒЫ ВЕСПРЕМ ТЕМІР ЖОЛ ТОРАБЫНА ШАБУЫЛЫ

16 мартқа қараған түнде ауыр бомбашыларымыз Венгриядағы Веспрем темір жол торабына соққы берді. Бомбалау нәтижесінде темір жол торабында өрттер шығып, взрывтар болды.

* * *

Кенигсбергтің оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның Шығыс Пруссиядағы әскер тобын қоршау шеңберін қысқартып алуда болды. Жағалаудағы тар алқапқа қарай тықсырылған немістер қасарыса қарсылық көрсетуде. Кеше әскерлеріміз алған Владау қыстағының батыс жағында кескілескен ұрыстар болды. Владау тас жолдардың торабы Совет бөлімдері оны алып, немістердің қолында тұрған майдан бойымен өтетін ақырғы тас жолды кесіп өтті. Дұшпан жағдайды қалпына келтіруге тырысып, әлденеше рет атақа жасады, алайда ол табысқа жете алмады. Совет бөлімдері жаудың атакаларын тойтарып, алға басты да қолайлы шептерді алды. Екінші бір бөліміміз Лаутер өзенінен өтіп, қауырт шабуыл жасады, сөйтін немістердің қорғанатын тіректі бекінісі — Фройдентальді алды. Бір күнгі ұрыстарда дұшпан тек өлдідей ғана 4000нан аса солдаты мен офицерінен айрылды. Немістерден 6 танк, 50 зеңбірек, 33 миномет және 128 пулемет қолға түсірілді.

* * *

Данцигтің батыс және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз Данциг-Гдын бекіністі ауданының сыртқы қорғану бекіністерінде ұрыстар жүргізді. Бұл бекініс тереңдете қазылған танкке қарсы ордан, қатқабаттап салынған бірнеше жер үйлерден және көптеген атыс бекіністерінен құралған. Немістер тар учаскеде көптеген артиллерия және миномет батареяларын топтандырды. Барлық қорғану бекіністерін тікелей сым бөзеттерінің жиі тораптары және мина қойылған алаңдар бүркемелейді. Әсіресе Данциг пен Гдынге қарай бастатын жолдарға қамал болған қыстақтарда күшті бекіністер жасалған. Совет бөлімдері ұрыспен алға баса отырып, Жуково (Цукау) қыстағының оңтүстік, батыс және солтүстік жақтары шет аймақтарына жетті. Дұшпанның ірі гарнизоны атыс бекіністері мен тас үйлерге бекініп, нәсерлете оқ атып әскерлеріміздің жолын бөгемекші болды. Совет жаяу әскерлері мен артиллерияшылары жаудың қарсылық көрсету торабын жойып, Жуковоны (Цукауды) алды. Әскерлеріміз екінші бір учаскеде дұшпанның артиллерия мен соғыс кемелерінен көмек алған жаяу әскерлері мен танктерінің бірнеше қарсы атакасын тойтарып, Шейтерміздің алдыңғы шегінде жаудың жүздеген өліктері қалды. Жаудан олжа, оның ішінде 5 танк, 7 паровоз, 120 вагон және соғыс мүлкі қойға 5 склад қола түсірілді.

* * *

Штеттин бағытында әскерлеріміз дұшпанның Одердің шығыс жақ жағалауындағы табан тірейтін шебін жою жөнінде ұрыстар жүргізді. Немістер бұл шетті қайткен

күнде өз қолдарында ұстап тұруға тырысып, мұнда танктерінің, артиллериясы мен жаяу әскерлерінің ірі күштерін топтандырды. Алдың-ала әзірленген бекіністеріне сүйеніп, дұшпан өлермендікпен қарсылық көрсетуде. Одердің бойымен солтүстікке қарай алға басушы совет бөлімдері кескілескен ұрыстардан кейін Грайфенхаген қаласын үш жақтан орап алды. Дұшпанның гарнизоны өзенге қарай тықсырылып, талқандалды. Немістердің Одердің шығыс жақ жағалауындағы қорғанатын маңызды тіректі бекінісі Грайфенхаген қаласын алып, жауынгерлеріміз жаудан көптеген қару-жарақ пен соғыс мүлкі қолға түсірді. Екінші бір учаскеде әскерлеріміз Розенгартен қыстағы мен Альтдам қаласының оңтүстік-шығыс жағында 3 километр жердегі тас жолдар торабын алды. 500ден аса неміс қолға түсірілді.

* * *

Соңғы уақытта неміс армиясынан солдаттардың қашып кетушілігінің мейлінше етек алып отырғандығы туралы хабар азында. Немістердің талқандалған бөлімшелері мен бөлімдерінің солдаттары жемелей және шағын топтарға бөлініп, тылда кетуде, ормандарда жасырынууда, жай азаматтардың киімдерін киіп, қыстақтарда жасырынып жүр. Неміс командованиясі қашқындарды қатаң жазаға тартуда. Жаудан қолға түсірілген адамдар бірсыпыра неміс қалаларында майданнан қашып шығып тылда ұстаған топ-топ солдаттардың атып, асып өлтірілгендігін айтуда.

Немістердің 56-жаяу әскер дивизиясындағы 171-полктің қолға түсірілген солдатты Людвиг Гайзлер былай деді: «Өз бөлімшелерін тастап шыққан көптеген солдаттар Кенигсбергте жасырынып жүр. Бір-ан бірнеше күн бұрын қалада 80 қашқып атып өлтірілді». Немістердің 337-жаяу әскер дивизиясындағы 690-полктің бір солдаттың айтуына қарағанда, Данцигте жүрт алдында 28 солдат дарға асылған. Немістердің 550-айып батальонының қолға түсірілген солдаттары Отто Балдер мен Роберт Брюкнер мынаны мәлімдеді: «Пиллау қаласында соғыс өкмет орындары адамдарды күн сайын дерлік дарға асуда. Мұнда бір күн ішінде 14 солдат атып өлтірілді. Мұнымен бірге, портта 7 солдат пен бір офицер дарға асырды. Неміс армиясына алынған пролік Тадеуш Конавский жақын арада Қызыл Армия жағына шықты. Ол былай деді: «Мен жуықта Штеттинде болдым. Ұрыс даласынан қашып кеткені үшін 150 солдат пен офицердің атып өлтірілгендігі туралы қалада үлкен-үлкен жариялаулар ілініп тұрды. Бұл жариялауларда атып өлтірілгендердің аты мен олардың адресстері жазылған».

Кадрларды тәрбиелеу—партия ұйымының тән ісі

Ауданымыздың партия ұйымы маман кадрлар дайындау ісін анағұрлым жақсартты. Жас кадрлар социалистік шаруашылықтың қай саласында болса да қажірлі еңбек істеп, Отанша және Ленин—Сталин партиясына шексіз берілгендігін көрсетті. Колхоздарда, МТС-тар мен совхоздарда, стахановшылар қатары барған сайын артты. Соның нәтижесінде ауданымыз 1944 жылы едәуір табыстарға жетті. Міне, мұның өзі партия ұйымдарының кадр дайындау ісіне ерекше көңіл бөліп, оның іскерлік қабілетін арттыруда нәтижелі іс атқарғандығын ыспаттайды.

Өткен жылы «Колос» колхозының бастауын партия ұйымы қатардағы колхозшы коммунист Повак жолдасты колхоз председателдігіне жоғарылатты. Ол, 1944 жылы ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайтын 6 айлық курсты бітіріп, одан алған білімін тәжірибеде пайдалана білді. Колхоздың өндірістік жұмысы алдың-ала жасалған жоспар бойынша, ауыл шаруашылық артелі Уставының негізінде, агротехникалық ережелерге сәйкес жүргізілді. Егін бригадалары мен мал фермаларында тұрақты звенолар құрылып, олардың әрқайсысының міндеті белгіленді. Звенолардың өндірістік кеңестері өткізіліп, социалистік жарыс көңірі алды. Алдыңғы қатарлы адамдардың іс тәжірибесі үгітшілер, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар арқылы жұртшылық игілігіне айналдырылды. Міне, соның нәтижесінде колхозда өткен жылы мемлекетке астық тапсырудың жылдық жоспары 106 процент орындалып, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 1800 пұт астық өткізілді. Ал, мал шаруашылығын өркендетудің мемлекет-

тік жоспары өткен жылы барлық түлік тең артығымен орындалды. Қазір, колхоз егіске әзірлікті ауданда бірінші болып аяқтады.

«Сартомар» колхозының бастауын партия ұйымы «Қызыл ту» колхозының бұрынғы есепшісі Смағұлов жолдасты колхоз председателдігіне қызметке жоғарылатты. Смағұлов жолдас колхозшылармен бірлесе отырып қажірлі еңбек істеу нәтижесінде мемлекетке астық тапсыру жөніндегі бірінші парыз бен мал шаруашылығын өркендету жоспарының мінсіз орындалуын қамтамасыз етті. Қазір колхоз көктемгі егіске үлгілі әзірленуде.

Тракторшылар мен комбайншыларды тәрбиелеп, өз мамандығын арттыру жөнінде Сарытомар МТС жапындағы бастауын партия ұйымында да көрнекті жұмыс істеді. Мәселен, комбайншы Помазан жолдас механик қызметіне жоғарылатылды. Ол егін жыйнау кезінде 15 футты комбайн мен 800 гектардан аса егін жыйнап, үздік шықты. Қазір, Помазан жолдас басқарған бригада трактор жөндеуде бірінші топқа жетіп, тапсырманы мерзімінен бұрын орындады.

Міне, осындай алдыңғы қатарлы адамдардан аудан бойынша МТС пен колхоздардың басшы қызметіне 85 адам жоғарылатылды. Механизатор кадрларын дайындайтын мектептерде қазір 326 адам оқып жүр.

Бірақ, кадр дайындау ісі ауданның барлық партия ұйымдарында бірдей ойдағыдай жүргізіліп келеді деуге болмайды. Әсіресе, колхоз, совхоз партия ұйымдарында жас кадрларды тәрбиелеп өсіру ісі мүлде қанағаттанғысыз.

Кейбір МТС-тар мен совхоздардың бастауын партия ұйымдары тәжірибесі мол маман жұмысшылардың көмегімен жастарға өндіріс мамандығын үйретіп, олардан механизатор кадрларын дайындап шығару ісін ұйымдастыра алмай отыр. Совет, Шағлы және Қызыл астық совхоздарының партия ұйымдары алдыңғы қатарлы жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің тәжірибесін ортаға салып, жұртшылық игілігіне айналдыру ісімен жете нұғылданбайды. Соның салдарынан бұл совхоздарда, быыл бірде-бір механизатор кадры дайындалған жоқ.

Турасын айтқанда, кейбір партия ұйымдары кадрлар арасындағы саяси-көпшілік жұмысын шын мәнінде өрістетей алмай отыр. Олардың саяси-идеялық білім дәрежесін арттыру ісімен нұғылданбайды. Мәселен, «Төңкеріс», колхозының бастауын партия ұйымы (секретарі Нұржанов жолдас), Молотов атындағы колхоздың бастауын партия ұйымы (секретарі Тайжанов жолдас) 1944 жылдың Октябрь айынан бері колхоз кадрлары мен әңгіме өткізбеген. Олардың білім дәрежесін арттыру жөніндегі үйірменің жұмысы тоқтап қалды.

КЕ(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы механизатор кадрларын дайындау және ауыл шаруашылығы мамандарын жұмысқа дұрыс пайдалану мәселесіне ерекше назар аударды. Сондықтан партия ұйымдары кадр даярлау, оларды тәрбиелеу ісіне ерекше назар аударуға тиіс.

Е. ЖАҚЫПОВ,

КК(б)П Совет аудандық комитетінің кадр жөніндегі секретарі.

Нақтылы міндеттемелер алды

Булаев ауданындағы «Гигант» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері Алматы облысы Алматы ауданындағы Белбұлақ ауыл советіне қараған Калинин атындағы колхоз мүшелерінің үндеуін татылауға бір адамдай жыйналды. Бұл үндеу колхозшылар арасында зор өндірістік өрлеу туғызды. Сөйтіп олар мереке алдындағы социалистік жарысқа ұштасып, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алды.

—Калинин атындағы колхоз мүшелерінің үндеуіне жауап ретінде,—деді колхозшы Б. Минина жолдас,—быыл өзім бір гектар картоф егіп, одан 150 центнер өнім алуға міндеттенемін. Сөйтіп Қызыл Армияны азық-түлікпен қамтамасыз етуге үлес қосамын.

Бұдан кейін колхозшылар бірінен соң бірі шығып сөйледі. Олардың әр қайсысы республикамыздың 25 жылдығына лайықты тартулар әзірлеуге әр қашанда дайын екендігін білдірді. Колхозшылар дөңді егіс егу жұмыстарын 20 күнде аяқтауға, егіннің әрбір гектарынан 12 центнер, ал картофтан кемінде 150 центнер өнім алуға уәдесесті. Мұнымен бірге, мал шаруашылығы жөнінде де нақтылы міндеттемелер алынды.

Алған міндеттемені ойдағыдай орындап шығу үшін, колхозшылар егіс жерін таңдап алғалы отыр. Егіс кезінде агротехникалық шаралар мүлтіксіз жүзеге асырылмақ. Картоф 20—22 сантиметрлік тереңдікке егілмек.

Мал шаруашылығын барған сайын өркендеті беру мақсатында төл алу маусымын үлгілі өткізу, мал күтудегі несіздікке жол бермеу жөнінде бірталай шаралар белгіленді. Ферма жанына 20 гектар люцерна және осы мөлшерде дөңді егіс егіледі. Колхоз басқармасы алдағы қысқа мал қораларының тыңғылықты жабдықталуын қамтамасыз етеді.

Р. САПАРОВ.

ЖАУАПСЫЗДЫҚТАН ҚАШАН АРЫЛАР ЕКЕН

Преснов ауданындағы «Ұзынқол» колхозының басшылары (председателі Базарбаев жолдас) көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз етпей келеді. Осының салдарынан мұнда егіске әзірлік жұмыстары ойсыраған олқылықта отыр. Демек, әлі күнге дейін колхозда бір соқа және 10 жарма жөндеген жоқ.

Егін бригадасының бригадирі Сәрсекеев жолдас ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеудің барысын мүлде білмейді, сөйтіп ол көктемгі егіске әзірліктің тез арада аяқталуы үшін нақтылы шара қолданбайды.

Колхозда егіске тұқым әзірлеу жұмысы да ойдағыдай емес. 749 центнер тұқым құйылса, мұның өзі тазартылып, егістік сапаға жеткізілмеген.

Колхоз басшылары түпкірдегі пункттерден темір жол бойына астық тасу жұмысын да ойсыраған олқылыққа ұшыратты. Колхоз 204 центнер астық тасуға тиіс болса, бұдан бар болғаны 67 центнер ғана астық тасылды. М. НҰРТАЗИН.

КАРТОФ ҰШЫН ЖЫЙНАДЫ

Мамлют ауданындағы «1 май» колхозының М. Воробьева жолдас басқарған мол өнімшілер звеносының мүшелері өзара социалистік жарысты нәрменінше өрістетіп, Алматы колхозшыларының үндеуіне іспен жауап беруде. Звено мүшелері өздеріне тағайындалған егіс учаскесіне керекті тұқым қорын әзірледі, қысқы агротехникалық шараларды жүргізуде үздік табыстарға ие болды.

Мұнымен бірге звенода 8 центнер картоф ұшы жыйнады.

М. ХОЛИН.

БІЗДІҢ ТӘЖІРИБЕМІЗ

Біздің колхоз бастауын партия ұйымы КК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельдегі қаулысы мен КК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы қарарларын басшылыққа ала отырып, көктемгі егіске ойдағыдай әзірленіп, оны қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу үшін колхозшы шаруалар арасында көпшілік-ұйымдастыру жұмыстарын негізінен қайта-құрды.

Партия ұйымының жақын арада болып өткен жыйылысында егін бригадалары мен звенолары арасында саяси-көпшілік жұмыстарына басшылық жасау үшін үгітшілер тағайындалды. Олар Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Председателі Сталин жолдастың Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасын, үкмет пен партияның қаулыларын және Алматы облысының Калинин атындағы колхозы колхозшыларының Қазақстанның барлық колхозшылары мен колхозы әйелдеріне арналған үндеуін жұртшылыққа ұғындыра отырып, оларды қажырлы қайратпен еңбек етуге жігерлендірді. Онымен бірге, майдан жауынгерлерінің ерлік істерін үлгі ете отырып, республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарысты кең өрістетті. Үгітшілер табыс тақталарын ұйымдастырып, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарды үнемі шығарып отырады.

Колхоз клубы жапында ұйымдастырылған оқу үйі артель мүшелеріне агротехникалық ережелерді нәсихаттаудың орта-

лығына айналды. Онда егін бригадалары мен мол өнімші звенолардың мүшелері бас қосқан өндірістік кеңестер өткізіліп тұрады. Бұл кеңестерде жер жырту, оны тырмалау, тұқым себу және жер тыңайту жөніндегі агротехникалық ережелерді талқылап, өз ара тәжірибе ауысады.

Егіннен мол өнім алу,—деді кеңеске қатынасқан мол өнімші звеноның басшысы, 65 жастағы қарт колхозшы, коммунист Нодин жолдас—күншілері жақсы әзірлікке байланысты. Егіске неғұрлым мүлтіксіз әзірленсең, жұмыс солғұрлым саналы болады. Бір мысал келтірейін: кейбір колхозшылар жөндеп шыққан соқа жүзінің өткірлігін ғана тексереді де оны қашап алғанша асығады. Ал, егіске шығып жер жыртуға кірсеңде ол соқаның жал қадырын жыртатындығы анық талады. Егер соқаның сапасыз жөндегендігін соқаны алдып-ала білген болса, үста дүкеніне қайта әкеліп жөндеген болар еді. Сонымен, бұл кемшіліктерді екінші біреу көліп ашқанға дейін ол жерді жырта бермекші. Міне, бұл істе екі түрлі есепті кемшілік бар. Біріншіден—бір соқаның күнделік жоспары орындалмайды. Екіншіден—жал қалған жерге арам шөп қаулап шығып, егіннің тамыр жапын өркін өсуіне зиян келтіреді. Біздің міндет осындай кемшіліктерден алдып-ала сақтау. Олай болса, әрбір соқашы, тұқым себуші өзіне бекітіліп берілген құрал-саймандарға осы бастан мұқият қарау керек.

Партия ұйымы Нодин жолдастың бұл тәжірибесін үгітшілер арқылы жұртшылық игілігіне айналдырды. Сондықтан да колхозшылар жөндеп болған ауыл шаруашылық машина-саймандарын колхоз басқармасымен бірлесе отырып өздері қабылдап алды. Бұдан кейін машина-сайман комиссияның қарауынан өткізілді. Партия ұйымының ауыл шаруашылығына басшылық етудегі мұндай нәтижелі істері—әсіресе звено әдісімен жұмыс істеу және агротехникалық шараларды бұл жыттай қолдану жөнінде жүргізілетін үгіт-көпшілік жұмыстары колхозшыларды егіннен мол өнім алу жолындағы бүкілхалықтық жорыққа жұмылдырды. Мұнымен қатар, колхозшылар мен колхозшы әйелдер арасында өндірістік тапсырманы жазнай артығымен орындау ісі өріс алды. Осының нәтижесінде колхозда ауыл шаруашылық машина-саймандары жөндеп бітті. 680 гектар егіс жеріне қар тоқтатылып, берілген жоспар 118 процент орындалды. 864 центнер тұқымның шығымдылығы тексеріліп, егістік сапаға жеткізілді. Егіс кезінде күш-көлікті азық тандыруға керекті 1240 центнер пішен қос жанына үйілді.

Партия ұйымы қол жеткен табыстарды баянды етіп, егіннен мол өнім алу үшін республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарысты кең өрістетуде.

А. РСАЕВ,

Преснов ауданындағы «Путь к социализму» колхозы партия ұйымының секретарі.

КОМСОМОЛ МҮШЕЛЕРІНІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Петропавл ауданындағы «Путь Ильича» колхозының комсомол мүшелері мен жастары егіске әзірлік жұмыстарына белсене қатынасауда. Комсомол мүшесі А. Дугина және Е. Луцикова жолдас-тар егіске тұқым әзірлеу жұмысына белсене қатынасты. Олар тұқым тазартуда

тынбай жұмыс істеп, тұқымның ысырапқа ұшырамауына ерекше назар аударды. Плехов және Андрищенко жолдас-тар сыяқты жас ұсталар құрал-сайман жөндеуде тапсырманы мүлтіксіз орындап, жұмыстың сапалы болуын қамтамасыз етті. Жұмыс майдарын күту Малиновская

және Милушкова жолдас-тар сыяқты комсомол мүшелеріне тапсырылған еді. Бұлардың тапсырылған жұмысқа жауаптылықпен қараулары нәтижесінде қазір мал күтімі ойдағыдай болып отыр.

М. ЕГІЗБАЕВ.

„Баянды“ колхозы колхозшыларының серті

Үгіт-көпшілік жұмысын пәрменді жүргіземіз

Біздің колхозда 11 коммунист және 30 комсомол мүшесі бар. Коммунистер мен комсомол мүшелері ауыл шаруашылық жұмыстарының шешуші салаларында істеп жүр. Олар өздерінің қажірлі еңбегімен колхозшы шаруаларды жаңаамай еңбек істеуге жұмылдыруда.

Коммунистер мен комсомол мүшелері колхозшылар арасында үгіт-көпшілік жұмыстарын өрістете жүргізу ісіне белсене қатысуда. Олар үміт пен партияның қаулы, қарарларын жұртшылыққа нәсихат тауда үлгі көрсетіп жүр. Колхозда БК(б)П тарихының қысқаша курсы үйренетін үйірме және көпші партия мектебі бар. Бұл үйірме мен мектепке коммунистер мен комсомол мүшелері түгел қатынасады. Үйірменің соңғы сабағында партия тарихының 7-тарауынан лекция оқылды. Лекция тыңдауға әсіресе колхоз председателі коммунист Т. Алтыбаев және комсомол мүшелері Өтегенова мен З. Тілеулина жолдастар белсене қатысады. Сөйтіп, біздің колхоздың коммунистері мен комсомол мүшелері өздерінің білім дәрежесін көтеру үшін күш жұмсауда.

Колхозда 5 үгітші бар. Үгітшілердің жұмыс жоспары жасалып, ол партия ұйымының жыйынысында бекітілген. Үгітшілер колхозшыларға газеттен үміт пен партияның қаулы, қарарларын, Совет Хабаршы бюросының мәліметтерін, Отан соғысы майдандарынан түскен хабарларды оқыды.

Үгітшілерге нұсқау беріліп, көмек көрсетіліп отырылады. Қазірде үгітшілер өздерінің жұмыстарын алматылықтардың үндеуіне байланысты жүргізуде. Үгітшілер колхозшыларға Алматы облысының Калинин атындағы ауыл шаруашылық артели мүшелерінің үндеуін оқып, Қазақ республикасының 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс ұйымдастыруда.

«Баянды» колхозының үгітшілері үгіт-көпшілік жұмыстарын пәрменді жүргізіп, колхозшы шаруаларды барлық ауыл шаруашылық жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп, Қазақ ССР-нің 25 жылдық мерекесін зор табыстармен қарсы алуға жұмылдыруда.

М. НҮРТАЗИНА,
Үгітшілер тобының жетекшісі.

Совет ауданындағы „Баянды“ ауыл шаруашылық артелинің колхозшылары мен колхозшы әйелдері Алматы облысының Алматы ауданындағы Белбұлақ ауыл советіне қараған Калинин атындағы колхозы мүшелерінің үндеуін тапсырып, Қазақ ССР-нің 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа ұштасып, сөйтіп олар қазақ халқының даңқты мерекесін зор табыстармен қарсы алу үшін жаңа міндеттемелер алды. Төменде бұл колхоздың ұлғайтылған міндеттемелер алған стахановшы колхозшыларының мақалаларын жариялаймыз.

Үндеуге жауабымыз

Мен басқарған бригада өткен жылы егін жыйнау, астық бастыру және астық тасу жұмыстарында үлгілі еңбек істеп, зор табыстарға ие болды. Өткен жылғы жазғы және күзгі кезде қажірлі еңбек істеп, ауыл шаруашылық жұмыстарының ісінде, сапалы аяқталуын қамтамасыз етті. Бұл еңбегі үшін бригада колхоз басқармасының ауыспалы Қызыл туына ие болды.

Біз көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын ерте қолға алдық. 2-бригаданың мүшелері қар тоқтатуға ұйымдасқан түрде қатысты. Қар тоқтату жұмысында бізге мұғалімдер мен оқушылар зор көмек көрсетті. Быйыл егіннен мол өнім алу үшін қысқы агротехникалық шараларды күзге асыра отырып, егістік жердің іріне екі рет қар тоқтаттық. Көң, күл және құс қырын дайындау жоспарын толық орындап, бұл тыңайтқыштарды егіс жеріне төктік.

Қазірдің өзінде көктемгі егіске керекті құрал-саймандар мен көлік әрбір колхозшыға бекітіліп берілді. Колхоз ұстасы К. Дәуенов пен ағаш шебері С. Дүйсебаев жолдастар жөндеген құрал-саймандарды қайта-қайта мұқият қарап, олардың кемістіктерін жөндеді.

Сол сыяқты, жұмыс көліктерін де ұқып

ты күтудеміз. Күш көлігі дер кезінде суарылып, азықтандырылады. Көліктер тұрған қораларда түнгі бақылау қойылады. Қазірдің өзінде бригаданың әрбір мүшесі көктем кезінде қандай көлікпен жұмыс істейтінін жақсы біледі. Олар өздеріне бекітіліп берілген көліктердің күйлі болуы үшін қамқорлық жасауда.

Стахановшы колхозшылардың жұмыс тәжірибесі бригаданың басқа мүшелерінің игілігіне айналдырылады.

Алматы облысының Алматы ауданындағы Белбұлақ ауыл советіне қараған Калинин атындағы ауыл шаруашылық артелинің колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің үндеуін 2-бригаданың мүшелері қуанышпен қарсы алып, Қазақ ССР-нің 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа қосылды.

Біз республикамыздың 25 жылдығы алдындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, көктемде таң сәріден түн қараңғысына дейін жұмыс істейміз. Көктемгі егісті 7—8 жұмыс күні ішінде жоғары агротехникалық дәрежеде өткізіп, қазақ халқының даңқты мерекесін зор табыстармен қарсы аламыз.

Т. ЖАНДОСОВ,
2-бригаданың бригадирі.

Менің сертім

Бұдан бір ғз жыл бұрын біздің колхозда санаулы ғана қой бар еді. Қазір колхозда қой саны анағұрлым көбейді.

Мен екі-үш жылдан бері шопан болып істеп жүрмін. Өткен жылы мал қыстату маусымында үлгілі әзірленіп, қой қораларын ұқыпты жөндедік. Бұл жұмысқа өзім де белсене қатыстым. Қой қоралары қасына қысқа жеткілікті сапалы шөп үйілді. Осының нәтижесінде быйылғы қыста бірде-бір қой не қозы шығын болған емес.

Тол алу маусымын да үлгілі өткізудеміз. Бүгін алдын-ала әзірлік жұмыстары жүргізілді. Жаңаамай еңбек істеуім арқа-

сында 66 қойдан 81 қозы алып, оны мәнілен күтудеміз. Бұл еңбегім үшін қосымша ақы алдым.

Алматы облысының Калинин атындағы ауыл шаруашылық артели колхозшыларының үндеуін мен де ықыласпен қарсы алып, Қазақ ССР-нің 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа қосылдым.

Алматылықтардың үндеуіне жауап ретінде, республикамыздың даңқты мерекесін жаңа табыстарға жатумен қарсы алу үшін қой басын көбейте беремін.

Безила АЛДАБЕРГЕНОВА,
Колхоз шопаны.

Мерекеге тартуым

Бірнеше жылдан бері колхоз ұстасы болып істеймін. Жасым елуден асты. Алайда, көртайып, жасымның келіп қалғанына қарамастан, колхоз жұмысына айнабай қатынасып жүрмін. Жыл сайын өзіме тапсырылған жұмыс мөлшерін артығымен орындаймын. Сөйтіп, көктемгі егіс және егін жыйнау жұмыстарына керекті құрал-саймандардың тегіс және сапалы жөндеуін қамтамасыз етемін.

Быйыл да көктемгі егіс жұмыстарына керекті құрал-саймандарды жөндеу ісіне ерте кірістім. Қыстың басынан ұста дүкенінде көрігімнің оты бірде-бір күн сөнген емес. Құрал-саймандар үшін керекті едәуір бөлшектерді ұста дүкенін де өндірдім. Осының нәтижесінде колхоздың 12 соқасын, 85 борпасын, 24 қамытын, 50 жармасын, 4 тұқым сенкішін, бидай салатын 12 жәшігін және 50 жетегін дер кезінде сапалы жөндеп шығардым.

Ел ішінде майдандағы жауынгерлердің ерлігіне сай еңбек істеу нәтижесінде ауыл шаруашылық құрал-саймандары көктем егісіне сақдай-сай әзір болды. Ағаш шебері Сәуірбай Дүйсебаев жолдас та стахановша еңбек істеп, маған көмектесті. Ол құрал-саймандардың ағаштан жасалатын бөлшектерін уақытылы әзірледі. Сәуірбай қарт барлық күш-қайратын колхоз жұмысының алға басуы үшін жұмсайды. Ол екеуміз колхоз басқармасынан талай рет сыйлық алдық.

Алматылықтардың үндеуі менің қайратыма-қайрат, жігеріме-жігер қосты. Қазақ республикасының 25 жылдық мерекесін лайықты тартулармен қарсы алу үшін қажірлі еңбек істеймін. Көктемгі егіс кезінде құрал-саймандардың бүлінгенін іс үстінде жедел жөндеп, жұмыстың тоқталмауын қамтамасыз етемін. Егіс кезінде күн сайын көлік доғарыланнан кейін барлық құрал-саймандарды қарап шығып, оның бүлінгендерін жөндеп отырамын.

Колхозда жаңаамай еңбек істеп, зұлым жауды біржолата талқандау ісіне үлес қосамын.

Қайсар ДӘУЕНОВ,
Колхоз ұстасы.

Колхозшылар серті—берік серт

Совет ауданындағы «Баянды» ауыл шаруашылық артелинің колхозшылары мен колхозшы әйелдері Алматы облысындағы Калинин атындағы колхоз колхозшыларының республикамыздың 25 жылдығы хұрметіне социалистік жарыс ұйымдастыру жөніндегі үндеуін зор ықыласпен қарсы алды.

Колхоз мүшелері—егіншілер, малшылар, шопандар, сауыншылар түгел колхоз клубына жыйналды. Газеттен Алматылықтардың үндеуі оқылды. Колхозшылар бұл үндеуге жаппай үн қосып, Қазақ ССР-нің 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа ұштасындығын білдірді. Бұдан кейін колхозшылар сөз алып сөйледі.

—Колхозымыздың шаруашылығы,—теді стахановшы колхозшы Н. Есжанов жолдас,—соғыс күндерінде едәуір артты. Колхозшылар соғыс кезінде кездескен қиыншылықтардың бәріне төтеп беріп майдан мен елімізді не керектің бәрінен қамтамасыз ету үшін егін дала-

сында жаңаамай еңбек істеді. Әсіресе малшыларымыз еңбек үлгісін көрсетті. Колхозымызда жылқы өсіру жоспары 100 процентпен аса орындалды. Колхозда жоспар бойынша 100 қой-ешкі өсіру орнына, 181 бас қой-ешкі өсірдік. Сол сыяқты егін шаруашылығы жөнінде де едәуір табыстарға жеттік. Барлық колхозшылар болып, алматылықтардың үндеуін зор қуанышпен қарсы алуға, сөйтіп Қазақ республикасының 25 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу үшін еңбек майданында қажырлы қайратпен еңбек істеуіміз керек.

Басқа да бірнеше колхозшылар сөз сөйлеп, Алматы облысының Калинин атындағы колхозы колхозшыларының үндеуін қуанышпен қолдады, сөйтіп өздеріне бірнеше міндеттемелер алды.

Колхозда ондаған стахановшылар бар. Олар соғыстағына еңбек істеп, Батыр Қызыл Армияға белсене көмектесуде. Мәселен, Безила Алдабергенова 66 қойдан 81 қозы өсірді. Ол тыңғылықты жұмыс істеуі нәтижесінде бірде-бір қозының

шығынға ұшыратқан жоқ. Сол сыяқты К. Сәрсенбекова өзінің қарауындағы 38 тайыншаны мәнілен күтуде. Бұлардың бәрінің күйі жақсы. Оларға уақытында шөп салынып, суарылады, ұқыпты күтіледі. Стахановшылар Е. Дүйсебаев, Ж. Кәмәлиева, Д. Молдабергенов, З. Ақметов жолдастар да колхозда соғыстағына еңбек істеп үлгі көрсетуде.

Колхоз мүшелері соғыс күндерінде ауыл шаруашылық жұмыстарына белсене қатысып, неміс-фашист басқыншыларына қарсы жорыққа аттанған әкелеріне, аға-інілері мен балаларына еселеп көмектесуде. Олар майданға жүздеген тұнпар, мыңдаған пұт астық, көп ет, май және өнеркәсіп үшін еселеп иікі зат берді.

Артель мүшелері колхозды ауылдың дәулетін арттырып, шаруашылығын ылғайтуда. Олар өздерінің бар күш-мүмкіндіктерін жеңіс мүддесіне жұмсауда. Біздің колхоздың колхозшылары Қызыл Армияның 27 жылдық мерекесі атындағы социалистік жарысты өрістетіп, оны зор табыстармен қарсы алды. Мал қыстатуды үлгілі өткізіп, бірде-бір малды шығынға ұшыратқан жоқ. Қысқы ауыл шаруашылық жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп, көктем егісіне үлгілі әзірленді.

«Баянды» ауыл шаруашылық артелинің колхозшылары мен колхозшы әйелдері Алматы облысындағы Белбұлақ ауыл советіне қарасты Калинин атындағы колхоз колхозшыларының үндеуін қошеметпен қарсы алып, еңбек майданындағы белсенділіктерін арттыра түсті. Олар көршілес «Төңкеріс» колхозын социалистік жарысқа шақырып, үндеуге жауап ретінде жылқы өсіру жоспарын 150 процент, қой-ешкі өсіру жоспарын 140 процент және ірі қара мал өсіру жоспарын артығымен орындауға міндеттенді. Онымен бірге колхозшылар көктем егісіне ойдағыдай әзірленіп, көліктің күйін неғұрлым жақсартып, егіс жұмысын 7—8 жұмыс күні ішінде жоғары агротехникалық дәрежеде өткізбек.

«Баянды» ауыл шаруашылық артелинің колхозшылары мен колхозшы әйелдері алған міндеттемелерін аброймен орындап, батыр Қызыл Армиямыздың Берлин үстінде жеңіс туын тігетін күнін тездету үшін барлық күш-қайратын жұмсап, қажірлі еңбек істеуде.

Т. АЛТЫБАЕВ,
Колхоз председателі.

ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС

Теміржолшылар социалистік жарысқа жаппай ұштасты

Петропавл темір жол бөлімінің коллективі Түркістан-Сібір темір жолындағы Аягөз бөлімшесінің инженер-техник қызметкерлері мен жұмысшыларының үндеуін зор ықыласпен қарсы алып, Қазақстанның 25 жылдығы алдындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасты, сөйтіп майданға қару-жарақ пен оқ-дәріні, азық-түлікті неғұрлым тез жеткізу және халық шаруашылығын үлгілі қамтуға, еліміз бен майдан үшін отынды, жанар және жағар майларды көптеп үнемдеуге бағытталған нақтылы міндеттемелер алды.

Теміржолшылар арасында поездарды график бойынша, неғұрлым шапшаң жүргізу, жүк тасу және жүк түсіру жұмыстарының жоспарларын мұлтіксіз орындау, поездарды неғұрлым тез құрастыру үшін өзара социалистік жарыс кеңінен өрістей түсті.

Қазір социалистік жарыс өзінің тамаша нәтижелерін беруде. Бас машинаны Малков жолдас өз паровозын күрделі және орташа жөндеуден өткізбестен, 25000 километр жол жүрді.

Бас машинаны Батталов жолдастың паровозшылар бригадасы Лунинше әдіспен жұмыс істеп, отынды үнемдеп жұмсауда ерекше көзге түсті. Бригада мүшелері өткен екі айдың ішінде 43 тонна отын үнемдеп, поездың техникалық жүру шапшаңдығын орта есеппен сағатына 2 километр арттырды.

Машинаны Ахметов жолдас өндірісте іс үлгісін көрсетіп жүр. Ол поездың тәуліктік жүру шапшаңдығы жөніндегі тапсырманы үнемі 107 процент орындайды.

Қолөнершілер білек сыбана жұмыс істеуде

Петропавл қаласындағы Сталин атындағы қолөнершілер артельінің мүшелері алатындықтардың үндеуіне өндірістік жаңағабыстарға жетімен жауап беру үшін Қазақ ССР-ның 25 жылдығы алдындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасты, мерекеге дейін он айлық өндіріс жоспарын 110 процент орындауға міндеттенді. Қолөнершілер өздерінің бұл міндеттемелерін броймен орындау үшін жұмысқа білек сыбана кірісті.

Нима басу цехының коллективі өткен айда артель басқармасының ауыспалы Қызыл туына ие болған еді. Цех жұмысшылары март айында да қажірлі еңбек

Темір жол бөлімінде мұндай озат шығып, жүзде алған паровозшылардың қатары көптеп санадады. Олар Аягөз темір жолшыларының үндеуін талқылағаннан кейін, республикамыздың 25 жылдығы алдындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасты, даңқты мерекеге өндірістік тартулар әзірлеуде.

Теміржол бөлімшесінің жол шеберлері темір жол табанын жөндеуде озаттардың жұмыс әдісін қолданып, қажірлі еңбек істеуде. Соның нәтижесінде өткен айда бұл жөніндегі тапсырма 123 процент орындалды.

Депонның жөндеу цехының коллективі ішкі мүмкіншіліктерді жұмысқа толық пайдаланып, зор ынтамен еңбек істеді. Сөйтіп, вагондарды күрделі жөндеуден өткізудің маусымдық жоспарын мерзімінен едәуір бұрын орындады. Поляков жолдастың басқаруындағы жөндеушілер бригадасының мүшелері күнделік жұмыс мөлшерін орындауда көрнекті табыстарға ие болды.

Петропавл теміржолшылары Аягөздіктердің шақыруына жаппай үн қосып, республикамыздың 25 жылдығына дейін жүк тасу және теміржол табандарын, паровоз, вагон жөндеу жұмыстарының он айлық жоспарын толық орындауға, осы мерзім ішінде жоспардан тыс 10 паровоз, 7 электр түтігін жөндеп шығаруға бір ауыздан міндеттеме алды.

А. ИВАНЮК,

Депонның паровозшылар бөлімі партия ұйымының секретарі.

МАЙДАНҮШІН

Алматыдағы ауыр машина құрлысы заводы коллективінің үндеуі Мамонов жолдас директор болып істейтін завод жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері арасында өндірістік зор өрлеу туғызды. Завод коллективі шабуыдағы Қызыл Армияның қару-жарақпен қорықпай қамтамасыз ету үшін республикамыздың 25 жылдығы алдындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, ұлғайтылған міндеттемелер алды. Завод жұмысшылары өздерінің бұл міндеттемелерін орындай отырып, қазірдің өзінде март айының алғашқы 15 күндік жоспарын толық орындады.

Балашев және Бурина жолдастар бастық болып істейтін цехтардың коллективтері 1-майға дейін еңбек өнімділігін 200 процентке жеткізуге, ал техникалық бақылау бөлімінің жұмысшылары шығаратын продукцияның өзіндік құнын бұсынығыдан 15 процент арзандатуға міндеттенді.

3. БЕЙСЕНКЕЕВ.

Комсомол-жастар бригадалары мүшелерінің іс үлгісі

Н. заводында слесарь Доспаев жолдас-жастар бригадасының мүшелері Қазақ ССР-ның 25 жылдығы алдындағы социалистік жарысқа қосылып, жұмыс тапсырмасын үнемі 150 процентке дейін орындауға міндеттенді, сөйтіп олар қазіргі күнде өздерінің бұл міндеттемелерін мінсіз орындауда.

Сағитов жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасының мүшелері Ағарков жолдастың жұмыс әдісін қолданғаннан кейін, еңбек өнімін бұрынғыдан екі есе арттыруға жетісті.

Цех үгітшілері комсомол мүшелері Петров, Губайдуллин жолдастар үгіт көпшілік жұмыстарын шаруашылыққа тығыз байланыстыра жүргізуде. Соның нәтижесінде Максютова жолдастың басқаруындағы комсомол-жастар бригадасының мүшелері күнделік жұмыс мөлшерін екі есеге дейін артығымен орындайды.

М. СУЛЕЙМЕНОВА.

Бір мектептің шаласауатты мұғалімдері

Мұғалім—жас буындардан болашақ кадрлар дайындайтын инженер. Мұнымен қатар, ол сауатсыздыққа қарсы күресуші және халықты мәдениетке, өнер-білімге бастаушы. Өзінің бұл ардақты борышын әрбір совет мұғалімі абыроймен ақтауға тиісті. Ол үшін мұғалімнің өзі білімді әрі мәдениетті болуы шарт. Мұғалім өзінің білім дәрежесін көтеру үшін тынбастан оқып, ізденуі қажет. Оның ұйымдастырушылық қабілеті орасан зор болуы керек. Ол өзінің халық арасында қажымас үгітші екенін де ұмытпауы керек.

Алайда бұл ардақты, әрі зор сенімді Балуан жеті жылдық мектебінің (Октябрь ауданы) мұғалімдері ақтамай отыр. Мәселен, мектеп директоры Тұрлыбаев жолдас өзінің білім дәрежесін көтеру үшін күреспейді. Ол үкмет пен партиямыздың қаулы, қарарларымен, отан соғысы майданында жауға қарсы өлтіре соққы беріп жүрген батыр жауынгерлеріміздің ерлік істерімен таныс емес. Тіпті Тұрлыбаев жолдас соғыстың қазір-қай жерде болып жатқанын да білмейді.

—Маған соғыс жөйін біліп, қаулы қарарларды үйренудің не қажеттігі бар—дейді Тұрлыбаев жолдас шімірікпестен.

Жуырда Тұрлыбаев жолдас партия мүшелігіне кандидатыққа қабылдану үшін дайындалды. Балуан бастауыш партия ұйымының жыйылысында оған «партия қатарына кімдер қабылданады» деген сұрақ қойылды. Тұрлыбаев жолдас бұл сұраққа жауап бере алмады.

Сол сияқты Тұрлыбаевтың партия тарихы жөнінде ешбір мағлұматы жоқ көрінеді.

Тұрлыбаев жолдас 6-класс оқушыларына география пәнінен сабақ оқытады. «Англияны ағылшын деп неге атайды» деп сұраған бір оқушының сұрағына жауап бере отырып, Тұрлыбаев жолдас:

—Өйткені ол екеуі екі басқа мемлекет, осы күнге дейін соны да білмейсің-ау,—деп әлгі оқушыға әскіріп тастады.

Балуан жеті жылдық мектебінде 7 мұғалім бар. Бұлардың үшеуінің ғана орта дәрежелі білімдері бар. Ал басқа мұғалімдердің білім дәрежесі тіпті төмен және олардың қолында қандай кластарға сабақ оқыта алатындықтары жөнінде ешбір куәліктері жоқ.

Мектепке оқу тәрбие жұмысын жүргізу үшін жағдай жасалмаған. Күз күндері отын жеткіліксіз мөлшерде дайындалды. Мектеп жасындағы балалар оқуға түгел тартылмаған. Мектепте үгіт-көпшілік жұмыстары жоқтың қасы.

Балуан жеті жылдық мектебінің оқытушылары, оның ішінде Тұрлыбаев жолдас алдағы уақытта жастарға сапалы білім беру үшін өз білімдерін арттыруға міндетті.

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ,

Қалалық советтің 1945 жылғы 2 марттағы қаулысына сәйкес, мекемелер мен шаруашылық ұйымдарының, көмекші шарушылықтардың басшылары және өз меншігінде жылқысы бар жеке адамдар жоспарлы маллендизация жұмысын жүргізу үшін жылқыны қалалық мал емдеу орнына, 1945 жылғы 12 марттан бастап 25 апрельге дейін әкелуге тиіс. Өз шаруашылығында жылқысы бар және оны қараудан өткізуден бас тартқан мекеме басшылары мен жеке адамдарға 300 сом мөлшерінде айып салынады немесе олар бір ай бойына тегін жұмыс істеуге жіберіледі.

ҚАЛАЛЫҚ МАЛ ЕМДЕУ ОРНЫ

Объекттық автомобиль мектебі шоферлер дайындайтын 2 айлық күрсеке оқушылар қабылдайды. Бұл жөнінде кәсіп орындарымен, ұйымдармен, сол сияқты жеке адамдармен шарт жасалады. Күрсеке ең

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 16 март. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованнесі штабының хабарында былай делінген: Ремаген маңында Рейн бойындағы өткел аумағында бекініс ауданында одақтастар әскерлері Кельн-Франкфурт үлкен автомобиль жолынан небары 16 километр ғана жерде тұр. Одақтастар әскерлері дұшпанның қатты қарсылығын жеңе отырып, бұл өткел аумағында бекіністі ішке қарай 10 километрге дейін және майдан бойына 18 километр ұлғайтты.

Одақтастар әскерлері Кобленцтің оңтүстік-батыс жағында, Мозель өзені маңындағы өткел аумағында бекінісін кеңейтіп, дұшпанның әлсіз қарсылығын жеңді, сөйтіп көптеген қалалар мен қыстақтарды алды. Одақтастардың бұл өткел аумағында бекінісі қазір шамамен алғанда майдан бойына 14 километрге және ішке қарай 10 километрге дейін жетті.

Трирдтің оңтүстік-шығыс жағында Рейн, Мозель және Саар өзендерінің аралығында немістер өз қолдарына ұстап тұрған алқапта шабуыл жасаушы одақтастардың екінші бір әскер бөлімдері 4 километр алға басты. Дұшпан әлсіз қарсылық көрсетті. Алайда Саарбургтің оңтүстік-шығыс жағында дұшпан өлермендікпен қарсылық көрсетті.

Одақтастар әскерлері Мозель өзенінен өтіп, бұл өзеннің солтүстік жағында немістердің қарсылық көрсететін ақырғы бекінісін жойды

НЬЮ-ЙОРК, 16 март. (ТАСС). Ассошиэтед пресс агенттігінің Американың 3-армиясымен бірге жүрген тілшісі, бұл армия бөлімдерінің Кобленцтің оңтүстік жағында Мозель өзенінен өтіп, бұл өзеннің солтүстік жағында немістердің қарсылық көрсететін ақырғы бекінісін жойғандығын хабар етті.

Одақтастар авиациясының Германияға шабуылы

ЛОНДОН, 16 март. (ТАСС). 15 мартта Американың 1350 шамалы бомбашыларының 750ден аса истребительдерді ертіп шығып Берлин маңындағы соғыс орындарына, оның ішінде Берлиннің солтүстік жағында 20 мың жердегі Ораниенбург ірі темір жол депосына шабуыл жасағандығын Американың Европадағы стратегиялық соғыс-әуе күштерінің штабы хабар етті.

Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Берлиннің оңтүстік жағында 20 мың жерде, герман армиясының Зессендегі бас штабы да бомбаланды. Бұл соғыс орнына шабуыл жасауға 15 марттан бастап соғыс қыймылдарына қатысын жүрген бомбашылардың тең жартысы қатысқан.

ШЕТЕЛ ХАБАРЫ

Ағылшын авиациясы соғыста салмағы 10-тонналық бомбаларды қолдануда. Бұл бомбаны самолетке тігетін үшін 6 адамнан құралған команда керек болады.

Бухаресте ССРОмен байланысты нығайту қоғамы ұйымдастырған көрме ашылды.

Президент Рузвельт АҚШ конгрессіне Соғыс-Теңіз Флотының 1945 жылғы 1-июльде басталатын келесі қаражат жылына арналған қажеттері үшін 23.719 миллион доллар қаржы бостатуды ұсынды.

Жақын арада Түркоға (Финляндияда) ССР Одағы халық билерінің мемлекеттік ансамблі келді.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ

Кемі 4-клас көлемінде білімі бар, 17 жас-тан жоғарғы ер-айял азаматтар қабылданады. Барлық оқушылар нан картонкаларымен қамтамасыз етіледі. Оқу аяқталғаннан кейін, барлық оқушылар жұмысқа орналастырылады.

Адрес: Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй. Транспорт қызметкерлерінің мектебі.

ДИРЕКЦИЯ

Петропавлдағы мұғалімдер училищесінің сырттан оқу бөлімі бастауыш мектептегі мұғалімдер дайындайтын мектеп бөліміне оқушылар қабылдайды. Сырттан оқу бөлімінде өндірістен қол үзбей оқуға болады. Оқуға 7-клас көлемінде білімі бар ер-айял азаматтар қабылданады.

Адрес: Петропавл қаласы, Коммунист көшесі 76-үй.

ДИРЕКЦИЯ

УШ 000150.